

## **«ШАКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ**

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсының ІІ Республикалық кезеңіне қатысуға үміткерлерді іріктеу бойынша «Шәкәрім университеті» КеАҚ конкурстық комиссиясының отырысы.

Семей қ.

«14» қараша 2025 ж.

### **ҚАТЫСҚАНДАР:**

1. Қалибекқызы Ж. – *комиссия төрағасы*, б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Басқарма мүшесі – ғылым жөніндегі проректор;
2. Дарибаев Б.С. – PhD, Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
3. Зейнуллина А.Ж. – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, бизнес пен коммуникация жоғары мектебінің деканы;
4. Атантаева Б. Ж. – т.ғ.д., тарих кафедрасының профессоры;
5. Зайковская О.Н. – в.ғ.к., қауымдастырылған профессор, ветеринария кафедрасының аға оқытушысы.

Хатшы: Байкадамова А.М. – PhD, қауымдастырылған профессор, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру орталығының басшысы.

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсына ұсынылған үміткерлердің құжаттарын қарастыру және сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша университет атынан ІІ Республикалық кезеңге үміткерлерді ұсыну.

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Комиссия төрағасы **Ж. Қалибекқызы** конкурстың мақсаттары мен өткізу тәртібі туралы баяндама жасап, қатысушылардың ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметтері туралы ақпарат берді.

Отырыста сараптама топ жұмысы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» атағын беру қағидаларына сәйкес жүргізілді. Аталған қағидалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 тамыздағы № 502 бұйрығымен бекітілген.

«Шәкәрім университеті» КеАҚ-да 2025 жылғы 3 қарашадағы № 257 бұйрығымен конкурстық және апелляциялық комиссия, сондай-ақ сараптамалық топ құрылды.

Байқауға 11 өтінім келіп түсті.

<https://universitycontest2025.iac.kz/> сайты арқылы сараптамалық комиссия сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылды. Сараптамалық топ қатысушылардың өтініштерін қарап, нәтижелері бойынша әрбір қатысушыға қорытынды шығарылды.

**ҚАРАЛДЫ:**

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» ЖОО ішкі І кезеңінің сараптамалық топтың қорытындысы бойынша үміткерлер тізімін ұсынады:

| №                                                    | Аты-жөні                         | Ұпайлар саны | Сараптамалық комиссия ұпайы | Жалпы ғылыми-педагогикалық өтілі (жыл) |
|------------------------------------------------------|----------------------------------|--------------|-----------------------------|----------------------------------------|
| <b>Ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан асатын</b>   |                                  |              |                             |                                        |
| 1.                                                   | Бекбаев Кайрат Серикжанович      | 111          | 111                         | 23                                     |
| 2.                                                   | Оспанов Ербол Амангазович        | 92           | 92                          | 23                                     |
| 3.                                                   | Асенова Бахыткуль Кажкеновна     | 77           | 77                          | 30                                     |
| 4.                                                   | Дюсекенева Индира Муратовна      | 75           | 75                          | 19                                     |
| 5.                                                   | Бакиева Анара Баглановна         | 68           | 68                          | 19                                     |
| 6.                                                   | Оразғалиева Арайлым Канатовна    | 63,5         | 63,5                        | 30                                     |
| 7.                                                   | Ермоленко Михаил Вячеславович    | 59           | 59                          | 29                                     |
| 8.                                                   | Жайлаубаева Шынар Далеловна      | 55           | 50                          | 27                                     |
| <b>Ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан аспайтын</b> |                                  |              |                             |                                        |
| 1.                                                   | Болкенов Бакытжан Тургазыевич    | 77           | 77                          | 14                                     |
| 2.                                                   | Джумажанова Мадина Муратовна     | 67           | 67                          | 11                                     |
| 3.                                                   | Рахимжанова Ақгуль Махметхановна | 65           | 65                          | 14                                     |

**СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Комиссия мүшелері үміткерлердің портфолиосын қарап, бекітілген критерийлерге сәйкес сараптамалық бағалау бойынша тексерді. Қатысушылардың ғылыми жетістіктері, оқу процесіне енгізген инновациялық әдістері, студенттермен жұмысы және кәсіби біліктілігі талқыланды.

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» атағын беру қағидаларына сәйкес, университет ІІ Республикалық кезеңге қатысатын үміткерлердің санын жалпы 311 штаттық оқытушының есебінен анықтады: әр 50 штаттық оқытушыға 1 үміткерден артық емес. Сонымен қатар, ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі 15 жылға дейінгі және 15 жылдан асқан



оқытушылардың арақатынасы жалпы үміткерлер санының ішінде бірден үшке (1:3) кем болмауы тиіс.

Нәтижесінде:

Ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан асқан оқытушылар – 4 үміткер;

Ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан аспайтын оқытушылар – 2 үміткерден кем емес.

### **ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Сараптамалық бағалау нәтижелерін негізге ала отырып, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» байқауының ЖОО ішкі I кезеңінің қорытындысы бойынша келесі үміткерлерді II Республикалық кезеңге ұсыну:

### **Ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан асатын:**

1. Бекбаев Кайрат Серикжанович
2. Оспанов Ербол Амангазович
3. Асенова Бахыткуль Каженовна
4. Дюсекенева Индира Муратовна

### **Ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан аспайтын:**

1. Болкенов Бакытжан Тургазыевич
2. Джумажанова Мадина Муратовна

### **Дауыс берілді:**

«Қолдады» – 5 адам.

«Қарсы» – 0 адам.

«Бас тартты» – 0 адам.

### **Шешім бірауыздан қабылданды.**

2. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» байқауының ЖОО ішкі I кезеңінің жеңімпаздарының тізімі «Шәкәрім университеті» КеАҚ Ғылыми кеңесінде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсының II Республикалық кезеңіне қатысу үшін бекітілуге ұсынылсын.

**Комиссия төрағасы:**

Ж. Қалибекқызы

**Комиссия мүшелері:**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Б.С. Дарибаев

А.Ж. Зейнуллина

Б.Ж. Атантаева

О.Н. Зайковская

**Хатшы:**

А.М. Байкадамова